

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні

ҚАЗАҚ



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



№9 (1679)  
6 наурыз  
2018 жыл

УНИВЕРСИТЕТІ

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

www.kaznu.kz

## ПРЕЗИДЕНТ СТРАНЫ ВСТРЕТИЛСЯ С РЕКТОРОМ КАЗНУ

Ғалым МҰТАНОВ,  
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры:

**ҚҰРМЕТТІ ҚАЗҰУ АРУЛАРЫ МЕН  
АЯУЛЫ АНАЛАР!**

*Сіздерді келе жатқан 8 наурыз – Халықаралық әйелдер мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!*

*Көктемнің бұл тамаша мерекесі бейбіт өмір, мейірімділік пен үйлесімділіктің, сұлулық пен нәзіктіктің символы, шалқар шабыт көзі – нәзік жанды әйелдер қауымына деген ерекше жылулық пен сүйіспеншілікке толы. Бұл бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербеткен асыл жандардың мерекесі. Сұлулық пен қайраттылықтың да символына айналып үлгерген ана есімі әрқашан да биік, қыз қадірі қашан да қымбат. Ұлт мәселесі мен ұрпақ тәрбиесінде, тәуелсіз еліміздің өсіп-өркендеуінде, ғылым мен білімнің дамуында аналарымыз бен аруларымыздың сіңірген еңбегі ұшан-теңіз.*

*Қазақ білімінің қара шаңырағы ҚазҰУ-дың мерейін үстем етіп, бәсекеге қабілетті маман даярлауға да ұстаз-аналарымыз субелі үлес қосып келеді. Оқу-білімді үйлестіруде, ұжым бірлігін арттыруда, тәрбие мен тәлімнің үлгісін көрсетуде, қызмет сапасын көтеруде олардың еңбегі зор.*

*Тал бойына әдемілік пен нәзіктікті жия білген, ақылына көркі сай қыздарымыз бен аяулы ұстаздарымызды, отбасына мейірімін төгіп қана қоймай, мемлекеттік қызметке, саясатқа араласып, өзге де салалардың майталманы атанып жүрген, қоғамда белсенділік танытуда үлгі-өнеге бола білген барша әйелдер қауымын осы бір ғажап мерекемен құттықтаймын. Сіздерге шынайы көңілден зор денсаулық, баянды бақыт, отбасыларыңызға амандық, ауызбіршілік тілеймін! Өмірлеріңіз қуаныш-шаттыққа толып, еңбектеріңіз жана берсін!*



**Глава государства Нурсултан Назарбаев встретился с ректором КазНУ им. аль-Фараби Галимкаиrom Мутановым, сообщает пресс-служба Акорды.**

В ходе встречи были обсуждены вопросы развития научного потенциала университета и ход подготовки кадров в соответствии с приоритетными направлениями Послания «Новые возможности развития в условиях четвертой промышленной революции».

Глава государства, отметив результаты осуществляемой университетом работы, акцентировал внимание на роли высших учебных заведений в деле обучения молодых специалистов, адаптированных к условиям глобальных экономических и технологических изменений.

«На протяжении долгого времени Вы возглавляете один из самых крупных и главных университетов страны. Сюда приезжают учиться из-за рубежа. Среди казахстанских вузов университет обладает высоким рейтингом», – сказал Президент Казахстана.

Галимкаир Мутанов доложил Нурсултану Назарбаеву о результатах трансформации вуза и адаптации

учебного процесса к современным требованиям. «Наша основная цель – преобразовать вуз в исследовательский университет мирового уровня. Это включает не только подготовку ведущих специалистов, но и развитие науки и инноваций. В целом, университеты должны быть драйверами инновационной экономики», – сказал ректор КазНУ имени аль-Фараби.

Г.Мутанов представил Главе государства информацию о реализации проектов в сфере IT- и новых технологий, а также рассказал о процессе налаживания межвузовского взаимодействия в рамках создаваемого IT-технопарка на базе университета. По информации ректора КазНУ имени аль-Фараби, на сегодняшний день более 60% студентов вуза обучаются естественным наукам. В завершение встречи Президент Казахстана дал ряд конкретных поручений.

**БҮГІНГІ САҢДА:**

ГОСТЬ СТАМБУЛЬСКОЙ  
МЭРИИ



2-стр.

ВСТРЕЧА ПРЕДСТАВИТЕЛЕЙ  
АЛЬЯНСА УНИВЕРСИТЕТОВ



3-стр.

КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК  
КЕҢЕЙГЕН СӘТ



4-бет

# ГОСТЬ ИЗ МЭРИИ СТАМБУЛА

**В КазНУ прошла встреча с Генеральным директором Агентства культуры мэрии Стамбула Кемалем Каптанером. В ходе беседы ректор Галым Мутанов ознакомил гостей с деятельностью университета, рассказал об успешной интеграции вуза в глобальное научно-образовательное пространство, динамичном продвижении в международных рейтингах и развитии двустороннего сотрудничества с турецкими вузами.**



Востока Абу Насра аль-Фараби, чье имя носит Казахский национальный университет.

В свою очередь, директор Агентства культуры мэрии Стамбула Кемаль Каптанер, продолжая тему развития сотрудничества между двумя странами, отметил, что в этом году они намерены открыть десять музеев. «Среди них есть и музей Аль-Фараби, который станет продолжением тесных взаимовыгодных экономических и культурных связей между Казахстаном и Турцией. Этот музей также

станет центром притяжения большого количества туристов из разных стран мира», – сказал К.Каптанер.

Также гость высказал готовность к партнерству, отметил высокий потенциал и развитую инфраструктуру КазНУ.

В завершение стороны обсудили вопросы по разным направлениям сотрудничества, обменялись книгами и памятными сувенирами.

Пресс-служба

## ФАКУЛЬТЕТ ТЫНЫСЫ

Философия кафедрасы университет студенттерінің рухани-адамгершілік тәрбиесіне ерекше көңіл бөліп келеді. Осы мақсатта жүйелі түрде жүзеге асырылып отырған жұмыс аясында кафедра Сидней Олимпиадасының чемпионы, белгілі қоғам қайраткері Ермахан Ибраимовпен тағылымды кездесу өткізді.

Әңгімесін Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласының негізгі түйіндеріне сүйене отырып өрбіткен қонағымыз өмірлік мақсатты дұрыс тандаудың маңыздылығы, оған жету жолында талмай еңбектену, салауатты өмір салтын ұстану, адами құндылықтарға ұмтылу және адамның тұлға болып қалыптасу жолдарында кездесетін басқа да мәселелер туралы ойларымен бөлісті.

Ермахан Ибраимовқа кафедра менгерушісі Г.Ж.Нұрышева алғысын жеткізіп, философиялық кітаптар сыйлады.

Философия кафедрасы

\*\*\*

**В целях реализации стратегического развития университета, внешней академической мобильности кафедра Дальнего Востока провела Зимнюю школу.**

Студентам Сангмен университета (Республика Корея) был предложен курс «Регионоведение. Политика, экономика и культура Центральной Азии», который предусматривает полевые исследования на территории Казахстана.

Практические занятия были проведены вне аудитории. Для слушателей была организована экскурсия по достопримечательностям города, в ходе которой они посетили исторические места, увидели красоту Алматинских гор, встретились с представителями корейской диаспоры Казахстана. Студенты обменялись знаниями в области корееведческих вопросов и корейского языка, укрепив сотрудничество между университетами.

Участники отметили, что пребывание в лучшем университете Центральной Азии оставило самые неизгладимые впечатления о величии кампуса, живописном городе, богатой истории страны и казахском гостеприимстве.

Кафедра Дальнего Востока

\*\*\*

**Экономика және бизнес жоғары мектебінің ұйымдастыруымен «Цифрлы экономика – стратегиясы мен жүзеге асыру механизмдері» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.**

Басқосуға Алматы облысы әкімдігінің мамандары, оқытушы-профессорлар құрамы мен студенттер қатысты.


Шараны ашқан Экономикалық зерттеулер орталығының директоры Саябек Тәттібекұлы жуырда қабылданған «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру бойынша атқарылып жатқан іс-шараларға тоқталып, цифрлы экономиканың негізгі аспектілері бойынша жан-жақты мәлімет берді.

Сала мамандары болса соңғы уақытта қалыптасып келе жатқан цифрлық мәдениет пен блокчейн технологияларының маңыздылығы, цифрлы білім беруде ақпаратты талдау дағдыларын іске асыру жайын айтты. Сондай-ақ жиында еліміздің цифрлы туристік индустриясын дамыту үшін цифрлық платформаларды құру арқылы елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мәселелері талқыға салынды.

Экономика және бизнес жоғары мектебі

## КАЗНУ ПРОДВИГАЕТСЯ В QS

**КазНУ им. аль-Фараби единственный из вузов Казахстана вошел в топ-150 в предметном рейтинге QS по гуманитарным наукам.**



По результатам рейтинга QS «WUR by Subject», КазНУ впервые вошел в группу 101-150 лучших вузов мира по специальности «Современное языкознание». Это результат огромной системной работы, проводимой в КазНУ по трансформации в исследовательский университет мирового уровня.

В предметных и отраслевых рейтингах QS в 2018 году были проранжированы 1130 вузов мира по 48 специальностям и пяти предметным областям: «Естественные науки», «Социальные науки», «Гуманитарные науки и искусство», «Науки о жизни и медицина», «Технические науки и инженерное дело». Методология ранжирования строится на четырех индикаторах: академическая репутация, репутация среди работодателей, количество цитирований на одну статью и h-индекс.

В прошлом году по итогам глобального рейтинга QS КазНУ занял 236 строчку в списке лучших вузов мира. В эту группу вошли только два университета из стран СНГ – МГУ им. Ломоносова и КазНУ им. аль-Фараби.

## РЕКТОРАТ

# Жүйелі жоспар – жетістік кілті

**Сан қырлы университет қызметінің жай-күйі талқыланатын ректорат отырысының кезекті жиыны жағымды жаңалықтарға толы болды. Университет басшысы Ғалым Мұтанов Ақордада Елбасымен өткен кездесудегі әсерлі әңгімесімен бөлісті. «2020 жылы әл-Фараби бабамыздың 1150 жылдығын ЮНЕСКО көлемінде халықаралық деңгейде атап өту ұсынысымызды Елбасы қабыл алып, өз қолдауын білдірді. Болашақта ел болып тойлайтын әл-Фараби мерейтойы жақын жылдары мемлекеттік жобалардың біріне айналатынына сенеміз. Сондай-ақ Мемлекет басшысы ҚазҰУ-дың даму жолында жасалатын барлық ауқымды жобалары мемлекет тарапынан қолдау табатынын айтты», – деді Ғалым Мұтанов.**

Сонымен қатар бірінші проректор Мұхамбетқали Бүркітбаев ҚазҰУ-дың QS пәндік рейтингінде гуманитарлық ғылымдар бойынша 150-топ үздікке енген еліміздегі жалғыз университет екендігін жеткізді. Бұл ҚазҰУ-дың әлемдік деңгейдегі зерттеу университетіне айналу негізінде жүргізіліп жатқан үлкен жүйелі жұмысының нәтижесі екені ақиқат.

Ректорат мәжілісі күн тәртібіндегі QS Subject Ranking-те заң факультетінің кафедраларын алға жылжыту бойынша жол картасы туралы мәселелерді талқылауға ұласты. Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқығы кафедрасының менгерушісі Гүлнар Үсейінова өз хабарламасында кафедрада атқарылып жатқан іс-шаралар мен QS Subject Ranking-тегі нәтижелермен бөлісті. Атап айтар болсақ, Scopus базасында тіркелген бірқатар журналдарда ОПҚ мақалалары жарияланған. Сонымен қатар Д.Дидро университеті (Париж, Франция) және Лазар университетімен (Варшава, Польша) ынтымақтастық қарым-қатынас орнатып, жемісті жұмыстар атқарылуда. Орталық Азия бойынша еуропалық жоғары оқу орындарымен



біріге отырып Erasmus бағдарламасы аясында Париж-8 (Сарбонна университетімен) «Әлеуметтік интеграция: сандық қолжетімділік» атты білім беру бағдарламасын құрастырды. Сонымен қатар Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет істері және жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің тапсырысы бойынша «Азаматтық бақылау» қоғамдық қабылдау әлеуметтік жобасы іске асырылып жатқандығы айтылды. Сөз соңында заң факультетінің басқа да кафедраларының Хирша индексі мен Scopus базасындағы журналдардағы жарияланым санын арттырып, әлеуметтік желіде факультет пен кафедраларды алға жылжыту мақсатында белсенділікті арттыру тапсырылды.

Келесі кезекте мінбеге шыққан Мансап және кәсіби даму орталығының директоры Илья Севрюгин түлектердің жұмысқа орналасу деңгейін арттыру барысында өз мансабының үздігі атанған тұлғаларды шақырып, шеберлік сағаттарын өткізу керектігі айтылды.

Жиын соңында ректор Ғалым Мұтанов барша нәзік жанды аруларды келе жатқан 8 наурыз – Халықаралық әйелдер мерекесімен құттықтап, отбасылық өмірде бақ-береке мен жұмыстарына сәттілік тіледі.

Перизат ЖАРЫЛҚАСЫНОВА

## ВСТРЕЧА ПРЕДСТАВИТЕЛЕЙ АЛЬЯНСА УНИВЕРСИТЕТОВ

**В КазНУ имени аль-Фараби в рамках программы «Рухани жаңғыру» состоялась встреча с советником президента акционерного общества «Центр международных программ» Болатом Атыбаевым.**



Следует отметить, что 38 университетов объединены в один альянс для реализации программы «Рухани жаңғыру». Основная цель Альянса – использовать потенциал преподавателей и экспертов университетов для реализации программы «Рухани жаңғыру». В ближайшее время Альянс «University 38» планирует проведение

ряда мероприятий - первого городского форума, научной конференции по тематике сакральных объектов, интернет- проектов по популяризации казахстанской культуры и др.

Участники встречи выразили готовность совместно работать над реализацией программы «Рухани Жаңғыру».

ПРЕСС-СЛУЖБА

## СТАРТОВАЛ КОНКУРС

**В КазНУ им. аль-Фараби торжественно открылся VIII международный конкурс исследовательских работ школьников по механике и математике имени Умирбека Жолдасбекова.**

В конкурсе принимают участие школьники из Кыргызстана, Таджикистана, Азербайджана, Казахстана и других стран, которые продемонстрируют свои научные проекты.

На открытии конкурса, приветствуя участников и гостей, первый проректор КазНУ Мухамбеткали Буркитбаевотметил, что Умирбек Арисланович Джолдасбеков – основатель научной школы механики и инженерии в Казахстане. «Это –



уникальная личность, им был заложен краеугольный камень в развитии высшей школы Казахстана. С его именем связаны новые для Казахстана научные направления и специальности. Благодаря ему в КазНУ были открыты лаборатории, кафедры и исследовательские центры, им основана Национальная инженерная академия. При нем было начато строительство уникального студенческого городка – КазГУграда, который стал визитной карточкой науки и образования Казахстана в мировом сообществе», – подчеркнул первый проректор.

«Продолжая дело воспитания талантливой молодежи, с 2010 года на базе КазНУ совместно с РНПЦ «Дарын» ежегодно проводится Республиканский конкурс научных проектов школьников по математике и механике. Год от года расширяется география участников и тематика научных исследований. Мы можем гордиться тем, что начинания Умирбека Арислановича сегодня продолжают жить», – сказала директор Республиканского научно-практического центра «Дарын» Шолпан Кирабаева.

Победители международного конкурса будут награждены дипломами и ценными призами организаторов.

Пресс-служба

## ТҮРКСОЙ шәкіртақы тағайындағы



**3 жылға жуық уақыт бұрын әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректорының бастамасымен шығыстану факультетінде ТҮРКСОЙ кафедрасы ашылған болатын. Жақында осы кафедраның ең үздік студенттеріне Халықаралық түркі мәдениеті ұйымы (ТҮРКСОЙ) арнайы шәкіртақы тағайындады.**

Халықаралық ұйымның ТҮРКСОЙ-дағы Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің өкілі Асқар Тұрғанбаев ТҮРКСОЙ кафедрасының «Түркітану», «Шетел филологиясы: түрік тілі», «Аударма ісі», «Шығыстану» мамандықтары бойынша білім алатын студенттерді ынталандыру және әлеуметтік тұрғыдан қолдау мақсатында берілген шәкіртақыны арнайы келіп табыстады. Шәкіртақы ТҮРКСОЙ кафедрасының белсенді және ең озат 5 студентіне берілді.

Жиында сөз сөйлеген Асқар Тұрғанбаев университет ұжымын білім беру мен ғылым саласындағы әлемдік деңгейде қол жеткізген жетістіктерімен құттықтап, халықаралық ұйым мен университет арасындағы ынтымақтастықтың бұдан әрі де дами түсетініне сенім білдірді.

ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов ТҮРКСОЙ ұйымының басшылығына студенттерге көрсеткен қолдаулары үшін ерекше алғыс білдірді.

Б.Б. ЕШМЕТОВА,  
ТҮРКСОЙ кафедрасы

## МОЛОДЁЖЬ ЗА БЕЗЪЯДЕРНЫЙ МИР

**Активисты молодежной организации «Невада-Семей» КазНУ провели круглый стол на платформе «G-Global», который был посвящен дню образования Международного антиядерного движения «Невада-Семей».**



Организатором мероприятия выступило молодежное объединение КазНУ «Невада-Семей», в нем приняли участие представители общественности, СМИ, ученые, преподаватели и студенты.

В ходе встречи были обсуждены вопросы деятельности движения «Невада-Семипалатинск» и его молодежного крыла, достижения и планы на будущее.

Приветствуя участников и гостей круглого стола, руководитель молодежной организации «Невада-Семей» КазНУ Гульжанат Танабекова отметила, что целью деятельности движения является объединение молодежи для решения экологических проблем, связанных с последствиями испытаний ядерного оружия. «В прошлом году на городском форуме молодежь вузов Алматы поддержала обращение студентов КазНУ с призывом продолжить эстафету мира и начать новый этап в борьбе против ядерного оружия. Мы верим, что вместе сможем внести достойный вклад в достижение благородных целей, которые были заложены движением, чтобы мы и наши потомки жили в мирном, безопасном и экологически устойчивом Казахстане. Ведь именно от

нашей гражданской позиции и активности зависит, каким будет мир через несколько лет, десятилетий», – сказала руководитель организации.

«О Семипалатинском полигоне было написано немало книг, научных публикаций, но, тем не менее, полигон недостаточно исследован. Мы думаем, что молодежь сумеет успешно продолжить исследования в данной области» - подчеркнула участница мероприятия Талшын Оразбаева.

На круглом столе был показан видеоролик, посвященный ядерным взрывам на Семипалатинском полигоне и прозвучало стихотворение, посвященное лидеру международного антиядерного движения «Невада-Семей» Олжасу Сулейменову.

Молодежная организация движения «Невада-Семей» создана студентами КазНУ 1 ноября 2016 года. Ее деятельность направлена на формирование у молодежи понимания необходимости прекращения гонки вооружений и продвижение идеи о построении мира, свободного от ядерного оружия.

Аружан ТАНАБЕК

**В КазНУ прошел I Международный научно-практический семинар «Роль геодезии в реализации государственной программы Цифровой Казахстан»**

## МАРИБОР КҮНДЕЛІГІ

**Жуырда біз, механика-математика факультеті, дифференциалдық теңдеулер және басқару теориясы кафедрасы «Математика» мамандығының магистранттары Словенияның Марибор қаласында орналасқан Марибор университетіне шетелдік ғылыми тағылымдама бойынша барып қайттық.**



Бұл өміріміздегі ұмытылмас сәттердің біріне айналды. Ол жақтың мәдениеті, қаланың экологиялық жайы, адамдардың табиғаты үлкен қызығушылық тудырды. Марибор тұрғындарының ашық-жарқын, кез келген сәтте көмек қолын созуға дайын екендігін байқадық. Марибор – Словенияның екінші орындағы қаласы болып есептеледі. Қаланы Драви өзені бөліп ағып жатыр. Онда махаббаттың символы болып саналатын аққуларды жақыннан көруге болады.

Мариборда әлемге әйгілі ең көне жүзімдік және шарап мұражайы орналасқан. Алматымен салыстырғанда аумағы өте кішкентай, жаяу араладық. Ауасының, көшелерінің, тазалығы және автокөліктерінің аздығымен ерекшеленді. Көшеде халық көп емес. Сонымен қатар Словенияның астанасы Люблина қаласын көруге мүмкіндік туды. Люблина Алматы қаласына ұқсас. Оның ең биік нүктесінде мұражай іспеттес «Люблина» камалы орналасқан. Қамалдан Люблина қаласын толық көруге болады. Тарихына біраз куә болдық. Алған әсеріміз де керемет.

Ал 60 жылдан астам тарихы бар Марибор университеті қаладан бөлініп орналасқан. Университет 17 факультеттен тұрады. Онда 26 000-нан астам студент білім алады. Соның ішінде біз жаратылыстану ғылымдары және математика факультетінде болдық. Студенттер және университет мұғалімдері бізді өте жылы қарсы алды. Біздің аталған университетке барып, тәжірибе алмасуымызға себепші болған профессор Валерий Романовский мырзаға алғысымыз шексіз. Профессор бізге уақыт бөліп, магистрлік диссертациямызға байланысты өз пікірін білдіріп, ұсыныстар жасады және семинар ұйымдастырды. Семинарда «Есептеу алгебрасы құралдарының көмегімен биохимиялық модельдерді зерттеу» тақырыбында профессор В.Романовский дәріс оқыды. Оның ішінде аса өзекті «Жыртқыш-құрбан моделі», «Белуосов-Жанотинский реакциясы», «Мэй-Леонард ассимметриялық моделі», «Мэй-Леонард жүйесінің периодты шешімдері» тақырыптары қамтылды. Зерттеу тақырыптарымызға байланысты мол мағлұмат алдық.

Сондай-ақ тағылымдама барысында Қолданбалы математика және теориялық физика институтында болып, институт директоры профессор Марко Робникпен танысып, пікір алмастық. Көп ұзамай ол ұйымдастырушыларының бірі болып табылған «Марибор университетіндегі физиктер симпозиумы» деп аталған конференцияға қатыстық. Алыс-жақын шет елдерден білікті ғалымдар атсалысқан конференциядағы баяндамаларды тыңдай отырып, ғылымның биік дәрежесін көрдік. Әрбір баяндамада теориямен қоса, қолданбалы жағы да баса айтылды.

Қорыта келгенде, біздің көзқарасымызды өзгерткен осы он күндік тәжірибе үлкен әсер қалдырды. Марибор қаласымен қимай қостастық. Аз болса да қандай сала жағынан болмасын мәдениеттің озық үлгісіне куә болдық. Әрине, кемшін тұстары да жоқ емес. Бірақ аларымыз көп екені анық. Қазақстанның ертеңгі болашағы – жастар үшін осындай тәжірибелердің маңызы зор.

Шолпан НҰРБАЙ

## КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК КЕҢЕЙГЕН СӘТ

**Қазір «факчекинг», «сандық медиа», «мультимедиа», «дата журналистика» терминдері баспасөз беттерінде, электронды БАҚ пен теориялық журналистикада жиі аталып жүр. Заман өрісіне сай ақпарат ұсыну форматының осы секілді өзгерістерге ұшырауы - жас журналистер алдына дәстүрлі журналистикамен қоса жаңа трендтерді жетік меңгеруді, қоғамдық сұранысты сауатты қамтамасыз ету мәселелерін де міндеттеп отырғандығы белгілі. Осы орайда жуырда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, журналистика факультетінде «Болашақ» бағдарламасының түлегі, республикалық «Жас Алаш» газетінің журналисі Елнұр Бақытқызы Алимова қонақта болып, жас журналистермен әріптестік негізде пікір алмасты. Сонымен қатар ол АҚШ-тың Миссури университеті Журналистика мектебінде «Дата журналистика» саласы бойынша меңгерген мол тәжірибесімен бөлісті.**

XXI ғасырда тың серпіліспен дамып келе жатқан дата журналистика ұғымы қазіргі ақпарат кеңістігінде берік қалыптасып, журналистиканың аса маңызды бір саласына айналып үлгерді. Қарапайым тілмен түсіндіргенде, дата журналистика деген барынша кең көлемдегі мәліметтерді жинақтап, сараптап, оларды визуализация құралдары арқылы немесе мақала көмегімен көпшілік қауымға баяндау болып саналады. Сондықтан, бұл салада қызмет жасайтындар аналитикалық талдау жасай алумен қатар, күрделі сандардың артына жасырынған қызықты оқиғаны да бағамдайды. Дегенмен, журналист бұл саланы меңгеру барысында әрбір алынған мәліметтің кішкене бөлшегіне дейін баса назар аударып, сауатты контент-анализ жасай білуі қажет. Ең басты талап осы болмақ.

«Шетел журналистикасы» пәнінің дәріскері, доцент Қарлыға Нақысбекқызының ұйымдастыруымен өткен студенттердің кәсіби шеберлігін шыңдауды көздеген тренинг негізгі екі кезеңнен тұрды. Бірінші бөлімінде студенттер халықаралық стандарттағы дата-журналист Елнұр Бақытқызынан теориялық білім алып, ақпаратты сараптау, сандық ақпаратты аудиторияға шынайы ұсыну, инфографиялық баған жасаудағы мүмкіндіктер мен артықшылықтарды меңгеру тақырыптары бойынша біліктіліктерін шыңдады. Студенттер асқан қызығушылық танытқан дәрістің спикері Елнұр Алимова тыңдармандарға Норвегия, Ұлыбритания, АҚШ, Ресей елдерінің дата-журналистері дайындаған сараптамалық деректерді көрсетіп, Қазақстандағы бұл саланың дамуы мен қалыптасуы ерекшеліктерін айрықша баяндап өтті. «Алдымен көздеген деректерді қарастыруда журналист бірнеше ақпараттық ресурстарға жүгінгені дұрыс. Қолжетімді ақпараттың ақиқатына күмәнмен қарау – журналист қызметінде үлкен табыстарға жетелейді», – деп атап өтті дәріскер өзінің алғашқы сөзінде. Бұдан кейін көрнекі құралдар арқылы жас журналистерге әлемдік дата журналистиканың интернет-ресурстары көрсетіліп, олардың функциялары барынша талданды. Тренингтің екінші



сағаты практикалық сипатта көрініс тауып, студенттер спикер ұсынған арнайы мәліметтер арқылы ақпаратты өздігінен визуализациялап көрді. Алдымен дата контенттерді дайындауға қатысатын: «Open Refine», «Excel», «Google Map» бағдарламаларында орындалған сараптамалық деректер ұсынылып, талапты дата журналистерге үлгі ретінде көрсетілді. Берілген тапсырма бойынша студенттер «Excel» бағдарламасында АҚШ сарапшылары есептеп шығарған қазақстандық сауда нарығы нәтижелерін талдап, оның шынайылығына көз жеткізді. Арнайы бағдарламада еліміздің сауда айналымы бойынша жоғарғы көрсеткіштерге ие болып отырған қалалары белгіленді. Барлық қолжетімді деректерді азғана уақытта сұрыптап, олардың аудитория үшін ең қажеттілері жинақталып алынған соң студенттер ашық интернет ресурсы – «Google Map» арқылы сындарлы сандарды географиялық картада сөйлетіп, деректерге жан бітірді. Ерекше қағызездік танытқан студенттер уақыттың тапшылығына қарамастан дата журналист ұсынған әлемдік статистикамен жұмыс істеуге негізделген екінші тапсырманы да жеңіл

талдап, өздерінің журналистиканың жаңа трендтерін меңгерудегі қабілет-қарымын көрсете білді.

Студенттердің дәрістен алған әсерлеріне жүгініп көрсек:

**Жансая Мұхат,**  
журналистика факультетінің  
2-курс студенті:

–Мектепте математиканы өте жақсы оқыдым. Маған сандармен жұмыс істеу бұрыннан ұнайды. Деректер базасымен жұмыс істеуде көбіміз статистикалық есептерді дұрыс есептемегендіктен, шатасып жатамыз. Сондықтан, салалық материал ұсынарда аса сақ және жалпылама көзқарас танытқан жөн. Бүгінгі ұйымдастырылған дәріс те біздің бойымызда сондай қасиеттердің болғандығын талап етеді.

**Әсел Мәлік,**  
журналистика факультетінің  
2-курс студенті:

–Бүгін маған журналистиканың жаңа бір құпия есігі ашылғандай болды. Осыған дейін ақпараттық контент-талдау жасау барысында дата журналистика терминіне жиі ұшырасатынымын. Ендігі кезекте оны сырттай біліп қана қоймай, өз тәжірибемде жиі қолданатын боламын.

Екі сағатқа созылған дәрістің түйіні ретінде Елнұр Бақытқызы жас журналистерге арнайы кәсіби біліктілік жайлы кеңес берді. Өз сөзінде ол заман талабын толық меңгерген дата журналистің үлкен жетістіктерге қол созып, жаһандық тұлға айналатындығын нақты мысалдарды сөйлету арқылы дәлелдеп берді. Уақыттарын ұтымды әрі қызықты өткізген студенттер біліктілігі мен тәжірибесі мол, ҚазҰУ-дың үздік түлегі, «Болашақ» бағдарламасының иегері, журналист Елнұр Алимовадан көкейлерінде жүрген көптеген сауалдарына жауап алды. Еркін сипаттағы сұхбатқа ұласқан қорытынды сөз жас журналистерге соны серпіліс сыйлап, болашақта дата журналистика саласында бақтарын сынауға бағыт беруімен естерінде сақталды.

Дастан ҚАСТАЙ,  
журналистика факультетінің  
2-курс студенті



**Белгілі ғалым, Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі Әзімбек Қоқанбайұлы Қоқанбаев биыл 70 жасқа толып отыр.**

# Ұстаздық – ұлы құрмет



Қонакри университетінде физикалық және коллоидтық химия оқытушысы болып жұмыс істеді. Өзінің еңбекқорлығы мен білімділігінің арқасында 1988 жылдан бастап химия факультеті деканының кешкі бөлім бойынша орынбасары, ал 1998-2000 жылдары деканның оқу ісі жөніндегі орынбасары болып қызмет етті.

Ә.Қ.Қоқанбаев – «Химия» мамандығы бойынша бакалавриаттарға жазылған «Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының» авторлар ұжымының мүшесі.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Ғылыми кеңесінің 2003 жылы 24 маусымдағы шешімімен доцент Ә.Қ.Қоқанбаевқа білім берудегі көп жылдық

үлгілі еңбегі үшін «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры» атағы берілді.

Еліміз егемендік алған соң жоғары оқу орындарында қазақ бөлімі көбейіп, қазақша оқу құралдары тапшы болған кезеңде профессор Ә.Қ.Қоқанбаев жоғары оқу орындарының қазақ бөлімдерінің студенттеріне арнап 20-ға жуық оқу құралын жарыққа шығарды. Профессор Ә.Қ.Қоқанбаев 1998-2007 жылдары шыққан еліміздің жаңа «Қазақстан ұлттық энциклопедиясының» 10 томында 83 мақала жариялады.

«Ұстаздық еткен жалықпас, Үйретуден балаға», – дегендей, бүгінде Әзімбек Қоқанбайұлы – саналы ғұмырын қазақ халқының білімі мен ғылымының дамуына сарп еткен ұстаз. Алға қойған мақсатына жете білген, көргені мен түйгенін жастарға үйрете білген, оларды нағыз азаматтық рухта тәрбиелуге зор үлес қосып жүрген ғалым 250-ден астам мақала жариялаған, оның 40-тан астамы оқу және әдістемелік құралдарда басылған. «Физикалық және коллоидтық химия», «Коллоидтық химия» оқулықтары ҚР Жоғары оқу орындары қауымдастығының ұсынысымен жарық көрді, оларды бүкіл республикамыздағы қазақ тілінде оқитын студенттер қауымы пайдалануда.

Тапжылмас қайраттылығы мен ерен еңбегінің арқасында бірқатар марапаттарға ие болды. Атап айтсақ, 2008 жыл байқауының жеңімпазы ретінде профессор Ә.Қоқанбаевқа «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың үздік оқытушысы» және ҚР Білім және ғылым министрлігінің «ЖОО үздік оқытушысы» атақтары берілді. 2012 жылы жоғары оқу орындарына оқулықтар жазудағы көпжылдық нәтижелі еңбегі үшін А.Байтұрсынов атындағы алтын медальға ие болды.

Қазақстан Педагогикалық ғылымдар

академиясы 2012 жылы профессор Ә.Қоқанбаевты корреспондент-мүшесі етіп қабылдады, ал 2014 жылы ол осы академияның толық мүшесі (академигі) атанды. 2014жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 80 жылдық мерекесіне орай профессор Ә.Қоқанбаев ҚР «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісімен марапатталды.

Профессор Ә.Қ.Қоқанбаев – елімізде химик мамандарды тәрбиелеуде өнеге көрсетуші, ақыл кеңес беріп, жол сілтеуші ұстаз, өте қарапайым тұлға. Ол кісінің жетекшілігінде болған және жалпы білім берген тұлғалары еліміздің әр саласында еңбек етіп жүр. Әзімбек ағайдан көп нәрсені үйренуге болады. Оның дәрістерін студенттер де, жас мамандар да қызыға тындап, аса құнды мағлұматтар алады. Ғылыми тәжірибесі зор, еңбексүйгіш, айналасындағы адамдарға үлкен құрметпен, жауапкершілікпен қарайтын Әзімбек Қоқанбайұлы әріптестері мен химия саласындағы қызметкерлер арасында үлкен беделге ие.

Аналитикалық, коллоидтық химия және сирек элементтер технологиясы кафедрасы ұжымы ұлағатты ұстаз, ғалым, ардақты әке, жанашыр бауыр, сүйікті ата профессор Әзімбек Қоқанбайұлы Қоқанбаевты 70 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтайды. Құрметті Әзімбек Қоқанбайұлы, деніңізге саулық, отбасыңызға амандық, бақ-береке, шығармашылығыңызға табыс тілейміз. Бейнетіңіздің зейнетін көріп, бақытқа бөлене беріңіз!

**О.А. ЕСІМОВА,**

**М.Ж. КЕРІМҚҰЛОВА,**

*х.ғ.к., химия және химиялық технология факультеті, аналитикалық, коллоидтық химия және сирек элементтер технологиясы кафедрасының аға оқытушылары*

**С 21 по 28 февраля 2018 года кафедрой русской филологии и мировой литературы факультета филологии и мировых языков КазНУ имени аль-Фараби, согласно международному соглашению по ряду важных направлений, совместно с кафедрой русского языка и межкультурной коммуникации факультета гуманитарных и социальных наук РУДН, были организованы и проведены интересные и значимые мероприятия для ученых-филологов Казахстана и России.**

## ПЛОДОТВОРНОЕ СОТРУДНИЧЕСТВО РУДН И КАЗНУ



граммотности у детей».

Профессор В.П.Синячкин считает, что необходимо разработать последовательность и системность материала, сделать подборку интересных текстов и обучающих диктантов, ввести, помимо орфографии и пунктуации, аспекты языка, которые были бы интересны нашим детям и привили любовь к своему

родному языку.

Кроме того, в рамках проведения мероприятий в КазНУ имени аль-Фараби состоялась ежегодная международная научно-практическая конференция «Русский язык и литература в современном образовательном пространстве: теория и практика», где на пленарном заседании профессор У.М.

Бахтикиреева отметила, что закономерность функционирования явлений транслингвизма и транскультурации в историческом процессе – аксиома. В обстоятельствах интенсивного увеличения численности населения планеты, особенно в XX и начале XXI вв., и возникновения новых государств транслингвальные и транскультурные процессы переходят в разряд существенных параметров оценки отдельного социума и в целом человеческого общества.

После ее выступления в торжественной обстановке организаторами нашего научного форума, высокими гостями из Российской Федерации университета дружбы народов, приглашенными кафедрой русской филологии и мировой литературы профессорами, слушателям курсов повышения квалификации были вручены международные сертификаты и удостоверения государственного образца.

Хочется выразить глубокую признательность Владимиру Павловичу Синячкину и Улданай Максутовне Бахтикиреевой за огромный вклад во всестороннее плодотворное сотрудничество между нашими вузами – РУДН и КазНУ имени аль-Фараби!


**Баян ДЖОЛДАСБЕКОВА,**

*член-корреспондент НАН РК,*

*д.ф.н., профессор, зав.кафедрой русской филологии и мировой литературы*

# Поэтический Словарь

**Доцент факультета журналистики КазНУ имени аль-Фараби К.Е.Жанабаев и его соавтор У.Акберды выпустили книгу «Поэтический Словарь жырау XV-XVIII веков: термины родства и социальная лексика». Это настоящее научное издание – первый опыт систематизации лексических единиц поэтического языка жырау XV-XVIII веков – духовных вождей и учителей казахского народа, полководцев, ораторов, законодателей, государственных и общественных деятелей. Книга издана в рамках научно-исследовательского проекта МОН РК «Комплексное изучение института жырау XV-XVIII веков: статус, культура, функции, мировоззрение», реализованного в Казахском гуманитарно-юридическом инновационном университете (г. Семей). Словарь состоит из предисловия, двух разделов, статьи, заменяющей заключение и списка использованных источников.**



В предисловии авторы пишут об актуальности, содержании и перспективах дальнейшего развития изданий подобного рода: действительно «в силу особого значения и чрезмерно большого объема данный Словарь становится продолжающимся изданием». Значимость издания такого рода вполне очевидна и особенно актуальна в эпоху глобализации и нивелировки национальных ценностей. Известно, что все мировые эпические сказания, известные нам с глубокой древности до классического средневековья – и устные, и письменные, в совокупности своей составляют золотой фонд культуры человечества, его бессмертный духовный опыт, силу и красоту конкретного национального духа.

И тут следует заметить, что практически все мировые эпосы, начиная с шумерского и вплоть до классических памятников нового времени, подверглись системному анализу именно с точки зрения формульной грамматики и устно-стилевой техники («устная теория М.Парри и А.Лорда», Чикаго). Известно также, что язык казахов наиболее древен, а его эпическое наследие – наиболее богато не только конкретными сюжетами, но и их вариантами, бытующими как в самой казахской среде, так и у всех тюркоязычных народов. Это легко подтверждается общим количеством устных казахских и общетюркских героических памятников, и такое богатство не может быть незамеченным и требует дальнейшего и скорейшего изучения, исследования перед лицом угрожающей глобализации и коммерциализации духовных ценностей.

Таким образом, Словарь представляется своевременным изданием, и ждет своего окончательного многотомного завершения. Достаточно сказать, что на сегодняшний день полевой фонд материала языка жырау XV-XVIII веков состоит более чем из 2000 страниц.

В «Поэтическом Словаре языка жырау XV-XVIII веков» впервые представлен системный анализ богатейших приемов устно-стилевой техники замечательных создателей казахского эпоса и носителей кочевой устно-поэтической культуры

казахского народа времени древности и средневековья. Очень важно, утверждают авторы, что структура и семантика тюркских поэтических форм и эпических формул в силу специфического социально-исторического развития и хозяйственного уклада сумела сохранить свои уникальные, самые изначальные основания: рудименты астрального и солярного мифа, погребального обряда и поминального ритуала. Эти ценнейшие компоненты и составляют особую ценность и своеобразие поэтического языка и стиля жырау, и самих этих носителей многовековой устно-поэтической культуры. Эти богатство и древность языка жырау авторы «Словаря...» впервые раскрывают посредством современного анализа устно-стилевой техники («формульный стиль» Парри-Лорда, Чикаго).

На всех уровнях: фоносемантическом, морфо-фонологическом, лексико-семантическом, синтаксическом, – авторы исследуют систему звуковых повторов и их функционально-стилистическое своеобразие и семантику, повсеместно обнаруживая архаические матрицы и коды, в целом способствующие реконструкции древнетюркского мифопоэтического мышления, солярного мифа и связанного с ним погребального обряда.

Острая актуальность изданий подобного рода исходит не только от угроз и вызовов стремительной глобализации и всеобъемлющей унификации, но и от того, что в Казахстане отсутствуют научные школы тюркского эпосоведения и мифологии, различные исследовательские направления. Вот почему, несмотря на вклад замечательных отечественных исследователей, начиная с М. Магауина и М. Байдильдаева, и до нынешнего дня все еще малоисследованным остается искусство филигранной устно-стилевой техники и формульной грамматики жырау. И тому есть много объяснений – политических, идеологических и прочих.

Наиболее существенный прорыв в этой научной области был в свое время осуществлен талантливым исследователем Б. Абилкасимовым («Жанр толгау в казахской поэзии»), но и его труд все же вызывает серьезные вопросы и нуждается в научной критике и корректировке. И все же основная тайна заключается в уникальной природе устно-стилевой техники, проливающей свет на начальные основания: связь с древнетюркским аллитерационным стихом, а через него – с горловым и челюстным пением – первой формой эпоса, восходящей к мимесису, подражанию (Аристотель). Эту важнейшую связь также призван проследить настоящий Словарь.

Следует заметить, что наиболее близко в проблеме «устной теории» и «формульного стиля» прежде подходили такие глубокие исследователи семантики и поэтики стиха, как Ж.Ж. Бектуров, С. Негимов. Теории энергии тюркского ритма и стиха уделяет в своих работах внимание и профессор КазНУ имени аль-Фараби А.Ж.Жаксылыков.

Но впервые системно, подробно и объемно эта проблема находит свое решение в настоящем научном издании. И это только начало большого исследования могучей эпической культуры кочевников. Ведь такую исследовательскую методологию важно применить и в исследовании поэтического творчества Махамбета, и литературного течения Зар-заман.

На богатом поэтическом материале авторы книги раскрывают основные особенности этого уникального типа тюркской (казахской) устно-поэтической культуры, и в связи с его особым социальным статусом и функциями – мировоззренческие основания, исток которых – астральный миф, погребальный ритуал, архаическая древность.

Актуальность издания подобного рода также связана и с идеей духовного возрождения – рухани жанғыру, – с нашей

великой памятью, которая спасала народ в самые тяжелые годы его исторических испытаний.

Символично, что книга доцента факультета журналистики К.Е.Жанабаева и его соавтора У.Акберды издана на многострадальной земле великого Абая, в Семее, как символ бессмертия казахского героического духа. Жырау с их свободолобивым и независимым духом, с их вековой мудростью и пламенным и острым словом – не только наше прошлое, но и активное наше сегодняшнее и спасающее нас будущее. В силу глубокой своей древности эти творцы сформировали наш поэтический язык, наш классический эпос и наше мировоззрение. Они дали могучий толчок развитию всех тюркских литератур Крыма, Кавказа, Центральной Азии, казахскому литературному языку, национальной истории, нашей государственности и независимости. Об этом авторы «Поэтического Словаря...» пишут в статье, заменяющей заключение.

Глубокие знатоки древней устной эпической традиции, яркие общественные и государственные деятели, батыры и полководцы, жырау XV-XVIII веков создали замечательные по красоте и силе духа устные произведения разных жанров, которые и сейчас популярны в репертуаре исполнителей различных региональных певческих школ Казахстана.

Монография представляет большой научный интерес. Она будет полезна как культурологам, философам, историкам, этнографам, искусствоведам, филологам и правоведам, так и всем любителям тюркской (казахской) эпической культуры, которые, безусловно, найдут в ней ценный материал для сферы своей исследовательской деятельности.

**Какен КАМЗИН,**

*доктор филологических наук, профессор*

# БОЛАШАҚ ТЕЛЕЖУРНАЛИСТЕР ҚАЗАҚ ТЕЛЕЭПОПЕЯСЫНЫҢ ҚАҺАРМАНДАРЫМЕН ҚАУЫШТЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «QAZAQSTAN» телеарнасының 60 жылдығына орай өткен «QAZAQSTAN» – еліміздің телеэпопеясы: ұлттық арнаның даму моделі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция есте қаларлық ерекше оқиға болды. Шара аясында журналистика факультетінің 208 аудиториясында «QAZAQSTAN» телеарнасының зертханасы ашылды.

**QAZAQSTAN**

арнап, көпшілік көрерменнің көз алдында көгілдір экранда қартайған ақ шашты ардагерлердің жүрекжарды жылы лебіздері мен өмірбаяндық өзекті әңгімелеріне ұласты. Қазақ білімінің қара шаңырағы мәртебелі меймандарға қонаққәде ретінде университеттің мерейтойлық төсбелгілерін тарту етті. Ал «QAZAQSTAN» ұлттық арнасы Ең үздік студенттік бейнематериалдар байқауының жеңімпаздарына шәкіртақылар табыстады. «QAZAQSTAN» ұлттық арнасының журналистика факультетінде ашылған зертхана еліміздің шарайнасының шежіресін шертетін фотодеректермен айықталып, көгілдір экранның көнекөз кейіпкерлері тіл қатып тұрғандай тебіреніске бөледі. Ақсақалдардың берген батасы, лента кию рәсімі, қуаныштың шашуы ұлттық телеақпарат кеністігіндегі ұрпақ сабақтастығының саликалы салтанатын паш етіп, болашақ журналистерді кәсіби кәусар бұлақтан сусындатқан шеберлік сыныптарына жалғасты. Құсман Игісінов, Фатима Бегенбаева, Бейсен Құранбек, Нартай Аралбайұлы, Ерлан Атамбай, Гүлмария Барманбекова, Төлеубай Смағұлұлы, Мейіржан Әлібек, Баян Баккелді, Гүлнар Салықбай, Ботагөз Исмайыл, Алматы Әбдірахмен, Марс Омаров, Жаныл Асылбековалар жас журналистерге ағынан жарылып, ақылдарын айтып, өздерінің өмірлік тәжірибелері мен көкейтесті ойларын ортаға салды. Осынау кәсіби майталмандардың бастан кешкен баяндарынан университет табалдырығын жаңа аттаған бірінші курс студенттерінің алған әсерлері айрықша:

**Жансая Олжабек,**  
*журналистика факультетінің*  
*1-курс студенті:*

— Ардагер журналист атанған Гүлмария ханым, ең алдымен, сөзін оқуға түскен сәтіндегі қызықтарынан бастады. Сөз арасында



біз тандаған жолда талай қиындықпен бетпебет келетінімізді айтып, өз өмірінен мысалдар келтірді. Тек журналистерге ғана емес, адам баласы үшін ең маңызды екі сұлулық: қарапайымдылық мен шынайылық екенін атап өтті. «Теледидар эстетикасы» тақырыбында өткізілген бұл шеберлік сыныбы барысында ұлттық эстетиканы қалыптастыра отырып, өз табиғатымызды жоғалтпау керектігін ескертті. Спецэффектілер мен эмоцияны шамадан тыс пайдалану көрерменге кері әсер ететінін «Экран – адам жанының айнасы» деумен түсіндірді. Сол үшін де «Өз стиліңді қалыптастыру кезінде сөзің майдай болсын, дауысын жібектей жұмсақ болсын», – деп кенес берді. Тек керемет әсер ғана емес, үлкен жігер берген Гүлмария Барманбековаға айтар алғысымыз шексіз.

**Гүлсезім Мұхатай,**  
*журналистика факультетінің*  
*1-курс студенті:*

— Нартай Аралбайұлының бізге өткізген тренингінен алған әсерім өте керемет. Әсіресе, есімде сақталып, жүрегіме жол тапқан кенесі «журналист қандай хабар жасаса да көрерменнің өзіне еріксіз тартуы тиіс. Нағыз журналист болсаң, халықты хабарыңмен баура! – деп біздің рухымызды көтеріп кетті.

— «Мәселе» бағдарламасында неге заттарды сындырасыздар? – деген кезде:

— Жеңіл ойын-сауықты бағдарламаларға көңілі ауған халықты осындай тәсіл арқылы хабарға тартып, артынан маңызды ақпаратпен әрі қарай көкейіне нұр сеуіп, көңіліне ой салу – біз үшін басты мақсат. «Шынайылық, тек қана шынайылық!» деген Нартай Аралбайұлының ұраны, оның өмірге тік мінезімен қарайтын асқан қайсарлығы бізді өзіне тәнті етті. Айтқан пікірлері көңілден ойып тұрып орын алды!

**Нұрай Жайлаубай,**  
*журналистика факультетінің*  
*1-курс студенті:*

— Ботагөз Смағұлдың тренингі жоғары дәрежеде өтті. Білімқұмар жастардың тренингтен түйгені мол болды. Өз басым, өте керемет әсер алдым. Режиссер қызметінің қаншалықты ауыр әрі жауапты екенін, соған сәйкес тележурналистің кәсіби қызмет аясында әрдайым әмбебап болуы шарт

екендігін ұқтым. Ең бастысы, режиссер бізге: «Ұлттық шығармаларды оқып, соның желісінде сценарий жазуға ұмтылындар, бізде керемет құнды дүниелер бар, соны келер ұрпақтың игілігіне айналдыру – сендердің қолдарыңда» деп аманат айтты.

**Жасталап Оразхан,**  
*журналистика факультетінің*  
*1-курс студенті:*

— Мейіржан Әлібекұлынан алған әсерім және үйренгенім түсірілім алдында қандай кәсіби дайындық қажет екенін және соның ішінде дауыс ырғағын жаттықтырып машықтану керектігін білдім. Саяси бағдарламаларды жүргізгенде студия қонағына мағыналы әрі мейлінше нақты сұрақ қойып, күткен жауапты ала білу тәсілін түсініп алғандай болдым. Бір сөзбен айтқанда, өз кәсібіміздің әрбір әрекетін тиянақты жүзеге асыру – шарт. Кәсіби қазанда қайнап жүрген маман тележурналистің өз ісіне деген орасан зор құштарлығының куәсі болып, қанаттанып қалдым.

Осылайша, екі күн бойы әрқайсысы 50 минуттан шеберлік сағатын жүргізген көгілдір экран кеменгерлерінің бір-біріне ұқсамайтын шытырман оқиғалар мен кәсіби өмірдің шынайы құбылыстарынан тұратын шежіре сырларынан болашақ мамандар мол ғибрат алып, ұлттық кәсіби тележурналистиканың кәусар бұлағынан сусындады. Айтуды шара Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігіне қарасты Байланыс, ақпарат және ақпараттандыру комитеті Электронды БАҚ департаментінің бас сарапшысы Меруерт Құмарованың шеберлік сағатының тыңдаушыларына сертификаттар тапсыруымен аяқталды: «Болашақ әріптестер, мен осы факультеттің түлегімін. Бір кезде менің кураторым болған, маған дәріс оқып, диплом қорғатқан ағайларым мен апайларым қазіргі таңда сендерге сабақ беруде. Ұстаздарыма алғысым шексіз. Қазақ телевизиясының мерейтойын туған факультетімізмен ұштастыруға ұйытқы болғаным қуаныштымын. Сендердің бұдан да биік белестерді бағындыратындарына сенемін!» – деп ақ тілегін арнады.

**Жидегүл ӘБДІЖӘДІЛҚЫЗЫ,**  
*баспасөз және электронды БАҚ*  
*кафедрасының доценті*

**7 марта в 15.00 во Дворце студентов состоится праздничный концерт, посвященный Международному женскому дню**



**XX ғасырдың аяғы. Дәлірек айтар болсақ, 1979 жылдың желтоқсан айы... Кеңес үкіметінің ұйғаруымен Ауғанстан жеріне Кеңес әскерлерін кіргізу туралы шешім қабылданған уақыт. Бір ғана қазақ халқы үшін емес, барлық одақтас елдер үшін қиын күндерді алға тартқан жылдар басталды.**

## ҚАЗҰУ ТАРЛАНЫ – НАҒЫЗ КӨШБАСШЫЛАР САЙЫСЫ



олардың ерлік істерін кейінгі өскелең ұрпаққа дәріптеуге бағытталды. Кеш қонақтарының қатарында сыйлы ардагерлер – Болат Сайлан, Ерназар Ишанов, Төрбек Атаров болды. Ал сайыста «Жас Отан», «Жоғарғы Студенттер кеңесі», «Көмек», «Сұңқар» сынды студенттік ұйымдардың тарландары бақ сынады. Сайыс жалпы 4 кезеңнен тұрды. Білім мен күш-жігер қатар сынға түскен бұл сайыста «Жоғарғы Студенттер кеңесі» ұйымынан қатысушы Сабыр Алмат жеңіске жетіп, «ҚазҰУ тарланы

– 2018» атағын жеңіп алды.

«ҚазҰУ тарланы» сайыс қана емес, сонымен қатар Ауған соғысына қатысқан, елі үшін батырлық үлгісін көрсеткен азаматтарымыз қонаққа келіп, қатысушыларға күш-жігер берген рухани кеш. Сондай-ақ ардагерлеріміз аталған ұйым басшылары мен белсенділеріне алғыс хат табыстады.

**Бақдәулет ҚҰДАЙҚҰЛ,**  
ҚазҰУ құқықтық тәртіп сақтау жасағының басшысы

## Әйелдерге ода

*Көктем келіп, көк пен гүл бүр жарғанда  
Тыныш қалған түлейді түрлі армандар.  
Марғау тартқан жүректі жылу жайлап  
«Тәуба!» дейсің алда алау күндер барға!*

*Шаштың ағын, «қарттықты»  
ұмыттырып  
Ой-қиялға «бір тентек үміт» кіріп,  
Көктем кенет тағы да селт еткізер  
Әйел деген Әлемге құнықтырып!*

*«Селт еткізер сарабал сезімдерді  
8 Наурыз – өзің», – дедім.  
Әйел деген Әлемді айрықша  
Әспеттейтін ерекше кезің келді!...*

*...Әйел – Әлем, таусылмас қазынасы.  
Әйел – Өмір, көктем мен жазы басым!  
Әйел – жұпар, тіршілік тәлкек етсе  
Сол жұпарды иіскеп жазыласың.*

*Әйел ғана еркекті ер етеді,  
Өмірін – нұр, орнын – төр етеді.  
Әйелдерге жасалған астамшылық  
Кез келгеннің тірлігін қор етеді.*

*Әйел – тірек қоғамға сан ғасырлар,  
Әйел барда өмірдің жалғасы бар!  
Әйел ғана – адамзат қозғаушысы,  
Өркеніет «Әйел!» – деп алға асығар!...*

*...Күзететін Әйелдің қас-қабағын  
Ғайып болса кенеттен асқақ ағын.  
Сұлулыққа сұқтану тамамдалса-ақ  
Еркектерде енжарлық басталады.*

*Алғырлықты салғырттық тақымдаған  
Сол енжарлық құрып кет! Жақындама!  
Көңілдегі Көктемім жалғаса бер  
Күзім түгел, қысым да сақылдаған!...*

**Нәсіпқали СЕЙТОВ,**

геология-минералогия ғылымдарының докторы, география, жерді абаттандыру және кадастр кафедрасының профессоры



## Теория – сыныпта, тәжірибе – гапала!

**1-2 наурыз күндері Құрлық әскерлері Әскери институтының оқу орталығында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ әскери кафедрасының «Барлау десантты-штурмалық бөлімшелері мен әскери барлау бөлімдерін жауынгерлік пайдалану» және «Жалпыәскери бөлімшелерді, бөлімдер мен құрылымдарды жауынгерлік пайдалану» әскери-есептік мамандықтары бойынша білім алып жатқан студенттеріне арналған атыс дайындығы, жауынгерлік машиналарды жүргізу және парк қызметін ұйымдастыру бойынша көрнекі және әдістемелік сабақтар жүргізілді.**



орындарын ұйымдастыру барысы көрсетілді.

Бұдан бөлек, әскери кафедраның және Құрлық әскерлері Әскери институтының оқытушылар құрамы БТР және БМП жауынгерлік машиналарын жүргізу бойынша бірлескен әдістемелік оқу-жаттығуларын және «Жауынгерлік машиналар паркінің негізгі элементтері» тақырыбы бойынша тәжірибелік сабақтарын өткізді.

Нәтижесінде студенттер дала жағдайларында сабақтарды ұйымдастыруда және өткізуде жақсы тәжірибе жинақтап, ел армиясының күнделікті тыныс-тіршілігімен танысып қайтты.

**Әскери кафедра**

## Ты только меня разбуди...



*Разбуди меня, женщина, рано  
И загни в моей комнате свет.  
Прошлой ночью во сне был изранен,  
А изранен как муж и любимый отец.*

*Я увидел опять тебя в пуще,  
След красивых сапог на снегу.  
Крутит ветер по небу несущий  
Прядь волос твоих в золотую дугу.*

*А когда полетала ты птицей  
Под мной провалилась Земля.  
Тут я даже принялся молиться,  
Но молиться мне было нельзя.*

*Там вспахал твои дивные щеки  
Как, бывало, не раз той весной,  
Чтоб не видели даже сороки  
Под высокой пушистой сосной.*

*Так будь же ты счастлива и даже наивна,  
Но любовь береги не тая,  
Чтоб, как раньше, в песневшей малине,  
Прошптала: «Возьми – это я!...»  
Ты только меня разбуди!...*

**М.Ф. ПУЗИКОВ,**  
профессор

### ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы  
Қазақ ұлттық  
университетінің  
ректораты

### РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор: **Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА**  
Тілшілер: **Айнур АҚЫНБАЕВА, Ақмарал АЛИЕВА**  
Дизайнер – **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**  
Фототілші – **Марат ЖҮНІСБЕКОВ**  
Корректорлар: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Қарлыға ИБРАГИМОВА**

### МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71,  
ректорат, 11-қабат, №104 бөлме.  
Байланыс телефоны:  
377-33-30, ішкі: 11-94,  
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:  
**kazuniver2016gazeta@gmail.com**

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,  
беттелді. "Дәуір" ЖШС РПБК-де басылды. Алматы  
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 8 (727) 273-12-04

**Бағасы келісім бойынша.  
Таралымы 1000 дана  
Тапсырыс: №3045**

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.